

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТУДЕНТТІК КЛУБИ  
АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ КЛУБ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»**  
*атты жосары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы республикалық  
студенттердің және жас ғалымдардың форумының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**25 сәуір 2013 жыл**

**II Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодного Республиканского форума студентов и молодых ученых*  
**«КОРРУПЦИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:  
ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

**25 апреля 2013 года**

**II Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодного республиканского форума студентов и молодых ученых и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

К\_\_ **Коррупция** в Республике Казахстан: проблемы и пути решения: материалы ежегодного респ. форума студ. и молод. ученых. 26 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 149 с.

**ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников Ежегодного Республиканского форума студентов и молодых ученых «Коррупция в Республике Казахстан: проблемы и пути решения», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и Антикоррупционным студенческим клубом на базе кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы борьбы с коррупцией, применения современных технологий, вопросы имплементации норм международного права и т.д.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами борьбы с коррупцией в Республике Казахстан.

**УДК  
ББК**

ISBN

© КазНУ им. аль-Фараби, 2013

**Болатбекқызы Ә,**  
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**заң факультетінің 3 курс студенті**

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.*

**ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС**  
**ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ШАРАЛАРЫ**

Сыбайлас жемқорлық АҚШ-та және Францияда азаматтық соғысқа әкелді. Тағы бір масыл келтірер болсақ, паракорлық үшін АҚШ-та қылмысты кудалауға пара алушылар ғана емес, пара берушілер де жатады. Пара беруде кез келген азамат жауапқа тартылады. АҚШ-та сыбайлас жемқорлық мәселесімен негізінен этика жөніндегі Сенаттың арнаулы комитеті және өкілдер Палатасының лауазымдық тұлғалардың қызметтік тәртібінің стандарты жөніндегі Комитеті айналысады. Басты үйлестіруші ведомство болып Әділет министрлігі бекітілген. Әділет министрлігінде сыбайлас жемқорлықпен күресумен қылмысты іс басқармасы тікелей айналысады, қылмыстық заңдарды сақтауға бақылауды жүзеге асырады, ашық бизнес және кәсіби одақтарға қосымша кіріс және тиым салынған қызмет түрлерін бүркемелеу үшін ұйымдасқан қылмыстың енуін анықтайды. Сондай-ақ күресте Тексерудің Федеральдық бюросына маңызды рөл берілген [1]. АҚШ-тың көптеген штаттарының қылмыстық кодекстері сыбайлас жемқорлықтың мынадай түрлерін қарастырады:

- мемлекеттік қызметкер қызмет бабымен байланысты жеке кәсіпорыннан қаржылай пайда табу;
- мемлекет қызметке біреуді тұрғызуға уәде беріп, сол үшін пара алу; жеке тұлғаға немесе кәсіпорынға банктен қарыз алу, үкімет кепілдік берген депозиттерді алу үшін пара алып ұйымдастыру;
- Фермерлік борышты ретке келтіргені үшін сыйақы қабылдау;
- АҚШ құндылықтар немесе пайда табу үшін жалған құжаттарға ие болуы;
- пошта ведомство ісінде жалған мекен жайлар жеке пайдасы үшін пайдалану және алаяқтық жасау;
- радио қатынасы және теледидар хабарлары саласында қасақана теріс пайдалану.

Американың заңдары мемлекеттік қызметкердің жанама жалақы табуға шектеу қояды. Жанама жалақы негізгі қызмет жалақысынан 15% аспауы тиіс. Егер мемлекеттік қызметкер қызметте болған кезде өкіметтік лауазымды адам түрінде нақты мәселелерді шешуге қатысса, ал жұмыстан кеткеннен кейін біреудің мүддесін ресми және басқа түрде болсын көздей алмайды.

Бұзушылар ақша түрінде айыппұл төлейді немесе 20 жыл бас бостандығынан айырылады [2]. АҚШ сенаторы сонымен қатар оның аппаратында жұмыс істейтін қызметкерлер жеке және заңды тұлғадан сыйлықтарды алуға тиым салған. Сенатордың өз туыстарынан басқа сыйлықтардың да бағасы 300 доллардан аспауы тиіс, ал 75 доллардан аз болса онда ол жарияланбайды. Әдеп туралы заң жеке тұлғаларға іссапар түріндегі сыйлықтарға төлетуге шектеу қойған. Осы шектеулер сенат отбасының мүшелеріне таралады. АҚШ конгресі өкілетті палатасының мүшесіне 1 адамнан 1 жыл бойы 250 доллар салмағында сыйлық алуға болады. Әрбір 3 жыл сайын осы лимит қайтадан қарастырылады. Соның ішінде лауазымды адамдардың әйелдеріне 100 доллар шамасында сыйлық жасаған кезде оны бекітуге тиісті.

АҚШ шетелдік шенеуніктерді параға алуға тыйым салатын «Шетелдік жемқорлыққа қатысты тәжірибе туралы» 1977 жылы заң қабылдаған тұңғыш ел болды.

Қорыта келгенде ататынымыз, сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында шет мемлекеттердің жетістікке жеткізген тәжірибесін бөлісіп, Қытайдың алған парасының көлеміне қарай бас бостандығынан айыру; Сингапурдың мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы жеке секторларда табысты жұмыс істеп жүрген тұлғалардың орташа еңбекақысы көлемінде есептеуді; мемлекеттік лауазымдық тұлғалардың мүлкі, активтері, қарыздары туралы жыл сайын тексеруші есеп жүргізуді; сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы хабарлаған адамдар жайлы құпия ақпараттарды қатаң сақтау; шенеуніктерді алмастыру, «кездейсоқ сан әдісі бойынша» жоспарланбаған тексерулер жүргізу; АҚШ-тың мемлекет қызметкерлерінің жеке және заңды тұлғалардан сыйлық алуына тиым салу. Міне, осы озық тәжірибелерді мемлекетімізде қолданысқа енгізсек, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстардың санын азайтып, экономикамыз бұдан да әрі көркейер ме еді.

Қытайда мемлекеттік комитеті сыбайлас жемқорлық үшін жаза туралы Қағиданы 1952 жылы қабылдады. Онда сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік туралы нормалардың қылмыстық-құқықтық және қылмыстық істер деп жеке тарау етіп бөлу жеткілікті негізделген. Мысалы, пара алғаны үшін мемлекеттік ұйым айыппұлмен жазаланады, тікелей орындаушы мен ұйымның басшысы жағдайдың ауырлығына байланысты – 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылады немесе тұтқындалады. Сыбайлас жемқорлық және паракорлық үшін жазалау мәселелері жеке нормамен реттелген. Егер сыбайлас жемқорлық немесе пара алу кірісінің сомасы 100 мың юаньнен асып кетсе, онда 10 жылға бас бостандығынан айырылады немесе дүние мүлкі тәркіленеді немесе онсыз өмірлік бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады [3]. Ал Францияны алар болсақ, параны алғаны, ұсынғаны, паракорлық және паракорлыққа пара беру үшін бірдей жазаланады: 10 жылға түрмеге қамалынады және 1 млн. франк көлемінде айыппұл төлейді.

Лауазымдық тұлғаларға лауазымнан босағаннан кейін 5 жылға дейін өзінің капиталымен жұмыс істеуге, жеке кәсіпорындарға кеңес беруге тиым салады.

Сингапур елі сыбайлас жемқорлыққа қатысты ең «таза» мемлекеттердің қатарында. Сингапур билеушілері, шынымен де, жемқорлықпен күрестің қызмет етіп тұрған және нәтижесін беріп отырған тиімді механизмін жасай білді. Бұл елде жемқорлықпен күрес үздіксіз жүргізіліп отырады. Бұған 1952 жылы құрылған сыбайлас жемқорлық жағдайларын тергеу Бюросы арнайы органының үздіксіз жұмысы дәлел. Бюро мемлекеттік шенеуніктер арасында болған жемқорлыққа қатысты жағдайларды тексеріп, тиісті органдарға қажетті шараларды қолдану үшін хабарлап отырады. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жақын мемлекеттік органдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін басқару жүйесіндегі «әлсіз тұстарын» айқындау мақсатында зерттейді. Егер жемқорлық әрекеттерін тудыратын жағдайлар табылса, Бюро бұл органдардың басшыларына тиісті шараларды қолдануды ұсынады. Сингапур елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты идеясы «жеке тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекет жасауға мүмкіндіктерін, жағдайларын болдырмауға мейлінше тырысу» болып табылады. Бұл бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдардың негізінде жүзеге асырылады.

Осынау қауіпті құбылыспен күресу үшін Қазақстанда арнаулы құрылымдар құрылған, олар – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері жөніндегі комиссия, Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі агенттік, Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылуда.

Осылайша, Қазақстанның мемлекеттік билігі сыбайлас жемқорлықпен тұрақты және аяусыз күрес жүргізуге белбуғандығын көрсетіп отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Максимов С.В. Коррупция. Закон. Ответственность. Москва: 2000.
2. Роуз-Аккерман С. Коррупция и государство. Москва: «Логос», 2003.
3. Бондаренко С.В. Коррупцированные общества. – Ростов-на-Дону: «Росиздат», 2002,

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдралиев А.Б.</b> Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықты алдын алудың құқықтық жағдайы.....	
<b>Амангелдиев А.Т.</b> Коррупция как угроза национальной безопасности Казахстана.....	
<b>Ахмет Д.Ә.</b> Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парызымыз.....	
<b>Ашимова А.</b> Опыт борьбы с коррупцией в некоторых странах мира.....	
<b>Әбдіқадыр Е.Е.</b> Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлықпен күресуді ахуалы.....	
<b>Базарбаев А.</b> Опыт борьбы с коррупцией в Финляндии.....	
<b>Баяуов А.Б.</b> Коррупционное сознание в Республике Казахстан разъедает национальную безопасность государства.....	
<b>Болатбекқызы Ә.</b> Шет елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің шаралары.....	
<b>Гинаятов С.</b> Особенности борьбы с коррупцией в Японии и Республике Корея.....	
<b>Дядчук К.О.</b> Повышение эффективности противодействия коррупции.....	
<b>Жаксылыков Б.Н.</b> Методы борьбы с коррупцией в Республике Казахстан: проблемы и перспективы.....	
<b>Жамашов Е.</b> Пара алудың субъектісі.....	
<b>Жахман А.С.</b> Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері.....	
<b>Иманбаева А.Б.</b> Проблемы предупреждения коррупционных правонарушений.....	
<b>Испенбетова Л.А.</b> Коррупция в Казахстане: методы борьбы и пути решения проблемы.....	
<b>Кушекова Ж.У.</b> Сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес мәселелері.....	
<b>Қашым Д.Ж.</b> Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі шетел мемлекеттердің тәжірибесі.....	
<b>Мырзагереева А.Н.</b> Жемқорлық ғасыр дерті.....	
<b>Надир К.К.</b> Коррупция как форма теневой экономики.....	
<b>Нурлин А.К., Сабырбаев С.А.</b> Актуальные проблемы борьбы с коррупцией на современном этапе независимости Республики Казахстан.....	
<b>Омарова М.С.</b> Сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылық.....	
<b>Саламатов Ш.</b> Парақорлық қылмысының жауаптылық мәселелері.....	
<b>Серікбаев А.</b> Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресті жетілдіру шаралары.....	
<b>Серікқалиқызы А.</b> Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес органдары.....	
<b>Сыпабек Ф.</b> Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу.....	
<b>Таргинова К.А.</b> Понятие и признаки коррупционных преступлений.....	
<b>Тобажанов Х.Е.</b> Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы мен оның алдын алу шаралары.....	

**Турганов А.А.** Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайлар.....

**Тұнғатар Г.А.** Сыбайлас жемқорлықпен күресудің халықаралық құқықта шетел мемлекеттерінде және Қазақстандағы тәжірбиесі.....